Әділет

# "Әлеуметтік көмек көрсету үшін мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарын және құжаттар тізбесін айқындау туралы" 2012 жылғы 21 карашадағы № 8/55-V шешімге өзгеріс енгізу туралы

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2013 жылғы 20 маусымдағы N 13/92-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылдың 16 шілдесінде N 2992 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2014 жылғы 04 шілдедегі N 25/180-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық мәслихатының 04.07.2014 N 25/180-V шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.
Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына, «Сәйкестендіру нөмерлерінің ұлттық тізілімдері туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 3-тармағына, «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы» 2011 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 394 қаулысының 1-тармағы 14) тармақшасына сәйкес Курчатов қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Әлеуметтік көмек көрсету үшін мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарын және құжаттар тізбесін айқындау туралы» 2012 жылғы 21 қарашадағы № 8/55-V (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2765 нөмірімен тіркелген, 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 52 санында «7 дней» газетінде жарияланған) шешімге келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімнің 2-тармағындағы 4) тармақшасы алынып тасталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн

өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы* *А. Кулинич*

*Курчатов қалалық мәслихатының хатшысы* *Г. Қарымбаева*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК